

**Ақтөбе облыстық мәслихатының
Ш Е Ш І М І**

Ақтөбе қаласы

№505

2020 жылғы 26 ақпан

**Облыстық мәслихаттың кезекті
қырық екінші сессиясы жалпы
отырысының күн тәртібі туралы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабына сәйкес Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Облыстық мәслихаттың кезекті қырық екінші сессиясы жалпы отырысының күн тәртібіне мынадай мәселелер енгізілсін:

1. Атқарылған жұмыстар туралы Ақтөбе облыстық мәслихаты хатшысының есебі туралы.

2. Жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру туралы.

Хабарламашы: Б.О.Елеусінова – жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы

3. Облыстық мәслихаттың 2019 жылғы 11 желтоқсандағы №473 «2020-2022 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.

Хабарламашы: Г.Р.Сүйінтаева - экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы

4. Ақтөбе қаласының кейбір құрамдас бөліктеріне атаулар беру және қайта атау туралы.

Хабарламашы: М.Е.Абдуллин – Ақтөбе қаласының әкімі

5. «Ақтөбе облысы әкімдігінің 2019 жылғы 4 шілдедегі №260 «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға өтініш берген адамдардың (отбасылардың) материалдық жағдайына тексеру жүргізу жөніндегі учаскелік комиссиялар туралы ережені бекіту туралы» қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Ақтөбе облысы әкімдігі қаулысының жобасын келісу туралы.

Хабарламашы: Б.О.Елеусінова – жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы

6. Облыстық мәслихаттың 2017 жылғы 8 желтоқсандағы №226 «Ақтөбе облысы бойынша іске асырылуы жоспарланатын жергілікті мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының тізбесін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

7. Облыстық мәслихаттың 2009 жылғы 21 желтоқсандағы №235 «Жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

8. Облыстық мәслихаттың 2016 жылғы 17 тамыздағы №56 «Ақтөбе облыстық мәслихаты аппаратының қызметтік қуәлігін беру Қағидаларын және оның сипаттамасын бекіту туралы» шешімінің күші жойылды деп тану туралы.

9. Облыстық мәслихаттың 2015 жылғы 27 ақпандағы №278 «Ақтөбе қаласының әлеуметтік маңызы бар қатынастарының тізбесін айқындау туралы» шешімінің күші жойылды деп тану туралы.

10. Облыстық мәслихаттың 2012 жылғы 27 шілдедегі №48 «Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі облыстық комиссияның дербес құрамы туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

11. №19 Байғанин сайлау округінен депутат Ә.С.Сарманованың депутаттық сауалы туралы.

12. №20 Ырғыз сайлау округінен депутат Ж.С.Мұхамбетпаизованың депутаттық сауалы туралы.

13. №21 Қарғалы сайлау округінен депутат Г.Қ.Ерғазинаның депутаттық сауалы туралы.

14. №4 Мясоедов сайлау округінен депутат М.С.Итеғұловтың және №26 Темір сайлау округінен депутат С.Е.Айтбаеваның депутаттық сауалы туралы.

15. Облыстық мәслихаттың кезекті сессиясының күн тәртібі мен төрағасы туралы.

**Облыстық мәслихаттың
сессия төрағасы**

**Облыстық
мәслихаттың хатшысы**

А. ЕСІРКЕПОВ

С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА